

Екібастұз қаласындағы Солнечный кентінің шегіне қосымша жер қосу туралы

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 4 қыркүйектегі N 201 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 28 қыркүйекте N 441 тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Жер туралы" U952717_ Жарлығының 3-тармағының 83-бабына сәйкес Солнечный кентінің бұдан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасау және Екібастұз қаласы әкімі мен Екібастұз қалалық мәслихатының шешімдерін ескере келе, жер және су қорларын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Екібастұз қаласындағы Солнечный кентінің шегіне санаттары мен

аумақтары бойынша қосымшаға сәйкес қосымша 10158,6 гектар жер қосылсын.

2. Облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (келісім бойынша) жер-есеп құжаттамасына қажетті өзгерістер енгізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.И. Кошевойға жүктелсін.

4. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2000 жылғы

4 қыркүйектегі N 201

шешіміне қосымша

Екібастұз қаласы Солнечный кенті

жерінің сипаттамасы

						(га)
N P/c	Көрсеткіштер	Жалпы Жайы- Басқа аумағы лымдық жерлер				
1	2	3	4	5		
1.	1999 жылдың 1 қарашасында жер есебінде болғаны	365,0	46,0	319,0		
2.	Облыс әкімі шешімінің жобасын дайындау кезіндегі дәлдіктерді ескергенде	370,0	46,0	324,0		
3.	Облыс әкімінің шешімі бойынша Солнечный кентінің шегіне кіретіні барлығы:	10158,6	84837,2	5321,4		
	соның ішінде жерді пайдаланушылар бойынша:					
	Екібастұз қаласының арнайы жер қоры	4954,5	4837,8	117,3		

"Қазақстан электр желілерін басқару компаниясы"				
ашық акционерлік қоғамы	4,1	-	4,1	
ВЛ - 10,35 кВ	0,3	-	0,3	
"Қазақстан темір жолы" республикалық				
мемлекеттік кәсіпорны	38,3	-	38,0	
азаматтардың бау-бақша шаруашылығы жерлері	214,0	-	214,0	
Құдайкөл селолық округі	11,2	-	11,2	
"Екібастұз ГРЭС-2" ашық акционерлік қоғамы	4935,5	-	4935,5	
азамат Б.А. Қуелбаевтың жерлері	1,0	-	1,0	
4. Кенттің облыс әкімінің шешімі қабылданғаннан				
кейінгі жиынтық жері	10528,6	4883,2	5645,4	
